

Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережесі және Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1182 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 721 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 721 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңы 7-бабының 3-тармағына және 22-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережесі;
- 2) Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекіту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

11

қарашадағы

N

1182

қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңының 7-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекіту тәртібін айқындайды .

2. Осы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек қауіпсіздігі - қызметкердің еңбек қызметі процесінде оның зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қорғалу жай-күйі;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық - өндірістік ұйым-жайларда, ұйым аумағында, құрылыс алаңдарында және осы жұмыстар жүргізілетін немесе қызметтік міндеттер орындалатын өзге де орындарда жұмыстарды атқару кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнаманың қолданылуын нақтылайтын, мемлекеттік орган бекіткен нормативтік құқықтық кесім;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесім - мемлекеттік органдар заңнамада және осы Ережеде белгіленген тәртіппен әзірлеген және бекіткен ережелер мен нұсқаулықтар;

4) еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, оңалту, емдеу-алдын алу және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ереже - қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен еңбек ету қабілетін сақтау жөніндегі қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін айқындайтын, мемлекеттік орган бекіткен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесім;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттікті жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерге қойылатын негізгі талаптар

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын белгілеу;

2) қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларына құқықтарын қамтамасыз ету;

3) қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді қамту;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында бірыңғай талаптарды белгілеу;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйым қызметкерлерінің, лауазымды адамдары мен басшыларының арасындағы құқықтар мен міндеттерді а ж ы р а т у ;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері мен жұмыс берушілердің және қызметкерлердің өкілдері арасында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы келісілген іс-әрекеттерді қамтамасыз ету;

7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық және басқа да жоғары тұрған нормативтік құқықтық кесімдерге, оның ішінде Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес болу.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің мазмұны

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер еңбекті қорғау мен оның қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған және жұмыс берушілер мен қызметкерлер үшін орындалуы міндетті ережелерді, іс-шаралар мен нормативтерді белгілейді.

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық к е с і м д е р :

- 1) еңбек қауіпсіздігінің жалпы талаптарын;
- 2) жұмыс басталар алдындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптарын;
- 3) жұмыс уақытындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптарын;
- 4) авария жағдайларындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптарын;
- 5) жұмыс аяғындағы еңбек қауіпсіздігінің талаптарын;
- 6) өндірістік (технологиялық) процестерге қойылатын талаптарды;
- 7) өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптарды;
- 8) өндірістік алаңдарға (өндірістік үй-жайлардан тыс жерлерде атқарылатын процестер үшін) қойылатын талаптарды;
- 9) бастапқы материалдарға, дайындамалар мен жартылай фабрикаттарға қойылатын талаптарды;
- 10) өндірістік жабдықтарға қойылатын талаптарды;
- 11) өндірістік жабдықтардың орналастырылуына және жұмыс орындарының ұйымдастырылуына қойылатын талаптарды;
- 12) бастапқы материалдарды, дайындамаларды, жартылай фабрикаттарды, дайын өнім мен өндіріс қалдықтарын сақтау және тасымалдау тәсілдеріне қойылатын талаптарды;
- 13) өндірісте жұмыс істейтіндердің еңбек ету және демалу режимін;
- 14) қызметкерлерді кәсіптік іріктеуге және олардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруге қойылатын талаптарды;
- 15) өндірісте жұмыс істейтіндерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және

басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды;

16) қорғаныс құралдарын қолдануға қойылатын талаптарды қамтуы тиіс.

6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесім қосымша талаптарды қамтуы мүмкін.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту

7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуді мемлекеттік органдар өздерінің құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімнің жобасын әзірлейтін мемлекеттік орган жобаны дайындау бойынша жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды жұмыс тобының функциясын атқаратын өзінің бөлімшелерінің біріне тапсырады.

Жұмыс тобының құрамына өздерінің тиістілігіне қарай мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік орган нормативтік құқықтық кесімнің жобасын дайындауды өзіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыруы немесе оны дайындауды шарттық негізде, оның ішінде конкурс бойынша мамандарға, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға немесе олардың ұжымдарына тапсыруы мүмкін.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік органдар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті органмен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша бекітеді.

10. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуге жатады және ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы 1 1 қ а р а ш а д а ғы

№ 1 1 8 2 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу және бекіту ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңының 22-бабы 2-тармағына

сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлеу мен бекітудің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) еңбек қауіпсіздігі - қызметкердің еңбек қызметі процесінде оның зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қ о р ғ а л у ж а й - к ү й і ;

2) зиянды өндірістік фактор - әсері қызметкердің сырқаттануына немесе оның еңбек ету қабілетінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

3) қауіпті өндірістік фактор - әсері қызметкердің еңбек ету қабілетін уақытша немесе тұрақты жоғалтуға (еңбек зақымына немесе кәсіби ауруға) немесе қайтыс болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтер - ұйымдық, техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де талаптарды белгілейтін нормативтер, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ережелер, рәсімдер мен өлшемдер;

5) еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-алдын алу, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы өкілеттікті жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерге қойылатын негізгі талаптар

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтер мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

1) қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына құқығын қамтамасыз ету;

2) еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ережелерді, рәсімдер мен өлшемдерді қамту;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында бірыңғай талаптарды б е л г і л е у ;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнамалық және басқа да жоғары тұрған нормативтік құқықтық кесімдерге, еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесінің, құрылыс және санитарлық нормалар мен ережелердің, гигиеналық және эргономикалық нормативтердің талаптарына сәйкес болу.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтердің мазмұны

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтердің ережелері әрбір саланың өзіндік ерекшелігін ескереді.

5. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтер:

1) қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түрлері бойынша жалпы талаптарды (физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық);

2) қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың қысқаша сипаттамасын (түрі, әрекет ету сипаты, ықтимал салдарлары);

3) қауіпті және зиянды өндірістік фактордың шекті жол берілетін деңгейлері мен шекті жол берілетін шоғырландыруларын және оларды бақылау әдістерін;

4) қызметкерлерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әрекетінен қорғау әдістері мен құралдарын;

5) әкімшілік, санитарлық және тұрмыстық үй-жайларға қойылатын талаптарды;

6) эргономикалық, санитарлық-гигиеналық талаптарды;

7) қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, аптечкамен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды;

8) қызметкерлерді емдеу-алдын алу тағамдарымен, сүтпен, жуу және дезинфекциялау заттарымен қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды;

9) еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де талаптарды қамтуы тиіс.

4. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтерді әзірлеу және бекіту

6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлейтін өз құзыретіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді әзірлейтін мемлекеттік орган жобаны дайындау бойынша жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды жұмыс тобының функциясын атқаратын өзінің бөлімшелерінің біріне тапсырады.

Жұмыс тобының құрамына өздерінің тиістілігіне қарай мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік орган еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтің жобасын дайындауды өзіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыруы немесе оны дайындауды шарттық негізде мамандарға, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға немесе олардың ұжымдарына тапсыруы мүмкін.

8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтерді

уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша бекітеді.

9. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салалық нормативтер жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК